Көк ат тақымына тиген белсенді ойына келгенін істеп, қоян қуады, түлкі қуады, қарақұйрық қуады. Ақыры індігеше қуамақа

құлатып аяғын сындырады. Ең соңында «ат арыса - тулақ» дегендей, ақсақ ат ешкімге де керексіз болып қалды. Ерқаскөкті ауырып өлген көк аттың басын кесіп алып, арулап жерлеуге ғана шамасы келген...

«Ерқаскөкті» басқа да бәйге аттары бар ма?

Болды ғой, соның біреуін айтайын. Форт-Шевченко қаласында бірінші класта оқып жүрген кезімде әкем Ерқас өзінің немере інісі Нұрбосынов Атажан ағамның үйіне келді. Әкемнің көк сәйгүлігінен айрылып, қапаланып жүрген кезі еді. Ағайдың зайыбы Бекжанова Мәкеш жемем азық-түлік дүкенінде істейтін. Атамшы дүкен Баутино елді мекенінде еді, оған жемем ат-арбамен барып келіп тұратын.

Әкемнің келгенін естіп, жемем Мәкеш ат-арбасымен түскі асқа үйге келді. Тамақ желініп, шай ішілгені әкем тыса шығып келді де: «Жарықтық мына арбаға желілген жылқы бәйгеге шабатын атқа ұқсайды, жүйрік аттың дене құрылысы көрініп тұр, өткен, арбаға желіліп, ыныршағы айынап қор болып жүр екен», - деді. Бұл сөзді естісем жемем Мәкеш өкеме: «Ағаеке, біздің бастығымыз Нысанбаев Ізтұрған ғой, сол кісіге сіздің айтқаныңызды жеткізсеңіз, мүмкін атты ауыстырып алып, жаратып, бірінші май мерекесінде болатын бәйгеге қосарсыз», - деді.

Әкем: «Мәкеш, аттың күйі нашар екен, май мейрамына жарату асығыстық болуы мүмкін, дегенмен тәуекелге барып, жарықтықты жемдеп, баптап бағып, бәйгеге дайындайын, егер Ізтұрған бастығың рұхсат берсе» деген. Жемем кешкісін жұмыстан келген соң: «Ерекен атақты атбегі ғой, тор атты арбадан босатып беріңдер- депті», - деген хабар жеткізді. Әкем сонда балаша қуанып, атты алып ауылға кетті. «Аманшылық болса, торы атты бәйгеге қосуға сауірдің 25-теріне келермін», - деді.

Айтқан уақытында әкем тор атты баптап жабулап Ақкетікке келді. Қызылөзен ауылында тұратын әрі домбырашы, әрі сейіс құрласы Жолдасбаев Тұржан екеуі мерекеге дейін дайындықтарын жасап, 1 май мерекесіне арналған бәйгеге қосты. Керме басында 40 шақты бәйге аттары ауыздықтарымен алысып, қандары қызып, жер тарпып ойнақтап тұр. Торыға мен шабатын болдым. Ат үстіндегі бәйге балалар аттарының басына әлдері зорға келіп әбгерленуде. Бір уақытта ескі телеграфтың маңындағы сорды 11 айналанымызды, әр айналым 3 шақырым, барлығы 33 шақырым екені хабарланды да, жарыс басталып кетті.

Әкем қалай шабу тәсілдерін тәптіштеп айтып үйреткен болатын. Алғашқысында ілгері шығып кетерсін де, атты өз еркіне жіберерсін, көп озып кетсең тежеп отырарсың - деген болатын. Төртінші айналымда артыма қарасам, жалғыз өзім шауып келеді екенмін, кейініректе 10 шақты ат келеді. Атым еркін тыныстайды. 7-ші айналымды өткенде мен барлық аттардан 1,5 шақырымдай озып шығыпмын. Кенет неге екенін білмедім, бауырым қатты ауырып кетті. Жаным қиналды, әрі қарай жарысты жалғастыра алмайтыным көзім жетті де атымның басын тарттым, құсқым келгендей, әзер шыдап келемін. Манағы шаңама көміліп, соңымда келе жатқан аттар енді шаңдарына мені көміп басып ота бастады. Бұны байқап тұрған әкем жанасын келіп, атты тоқтатты да, ерін алып жіберіп, көрермендердің қатарында тұрған, әскерден жаңа келген 25 жасар аға Матайды отырғызды. Бұл кезде бәйге аттардың көбі біраз ілгері кетіп қалған болатын, ал кейбіреулері тіпті жайылып қалған. Дегенмен де торы ат өзінің орен жүйрік екендігін дәлелдеп, ілгері кеткен көп аттарды қайтадан басып озып, үшінші орынға жеткенде 11 айналым бітіп кетті. Менің кесірімнен торы



ат бас бәйгеден айрылып қалды. Өмір - бәйге. Осындай оқиғалы тағдырлар адам өмірінде де бола берелі.

НАРЫҚ ЗАҢЫНА ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ СӘТТІ ӨТТІ

- Сіздің қызметіңіз шет ел инвесторлармен қоян-қолтық жұмыс істеуіңізбен ерекшеленеді. Сол кезеңдегі істеріңіз еске түсіру тарих үйін де, жас ұрпақ үйін де аса қажет тәрізді?

- Әділін айтар болсам, мен нарықтық экономика заңдарын жүзеге асыру мақсатында жеке меншік ірі кәсіпорынды басқаруға келгенмін. Бар гәп осында жатыр ғой, бірақ кейбіреулер бұны ол кезде бірден түсінбеді немесе түсінгісі келмеді. «Маңғыстаумұнайгаз» бұрынғы кеңес кеңесіндегі «Маңғышлақнефть» емес еді. Сондықтан да қиыншылықтар көп болды.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамын жаңа заманға сай басқару 1997 жылы өткізілген тендердің нәтижесінде жеті компанияның ішінде индонезиялық «СентралАзияПетролеум ЛТД» компаниясының еншісіне тиді. Әрбір кеңестік республикалар тәуелсіздікке ие болған соң, бұрынғы тығыз байланыс үзілді. Еліміздің экономикалық дамуының негізгі өзегі мұнай индустриясы қиындықтарға тап болды. Мұнай бағасы барреліне 8-9 АҚШ долларына дейін құлдырады. Ал өткізген мұнайымыздың қаржысы мезгілінде мекеме есебіне түспеді, бюджетке салық төленбеді.

Кәсіпорын дағдарыс кезінде өз жұмысшыларының жалмақтарымен бере алуына қарсыда белшесінен батты. Жұмысшылар арасында толқулар көріне бастады. Сөйтіп, «Маңғыстаумұнайгаз» банкротқа ұшырайтындай күйге жетті. Біздер тендерде жеңіске жеткен жаңа қожайынмен бірлесе отырып өндірісті сауықтыруға бар күшімізді салдық. Нәтижесінде өндіріске мұнай қабаттарының өнімділігін арттыратын жаңа технологиялар енгізілді. Сан алуан өндірістік объектілер іске қосылды.

Қаламақтықтардың 2006 жылы 100 миллионыншы тонна «қара алтынның» өндіруге қол жеткізуі үлкен еңбек жеңісіміз боларын. Жұмысшылар негізінен жергілікті жерлерден қабылданды. Яғни, облыстың барлық аудандары мен шалғайдағы ауылдарында да жұмысшылар келіп, вахталық әдіспен жұмыс істеді. Ираннан келген қандастарымыздың отбасы мүшелерін де келергісіз қабылдадық, оларға жағдайға тез бейімделіп кетуге жағдай жасалынды.

Мұнайшылардың әлеуметтік мәселелерін шешуде үлкен өзгерістерге қол жетті. Қаламақта 2100 адамға арналған 40 блоктан тұратын жайлы жатақхана, 250 орындық екі асхана іске қосылды, дөрігерлік-фельдшерлік пункт, 1500 шаршы метрілік тұрмыста пайдаланылған суларды тазалайтын қондырғы, Жетібай кенорнында 250 орындық екі асхана, Асар кенорнында 50 орындық асхана және 100 орындық жатақхана, Қияқты кенорнының тұщы су шығарушылар үшін 50 орындық жатақхана асханасымен бірге салынып, пайдалануға берілген еді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да қуаты жылына 300 километрлік шыны-пластикалық құбыр шығаратын зауыт салынып, пайдалануға берілуі облыс көлеміндегі ірі жаңалықтардың бірі болды. Зауыт 2002 жылғы қарашада басталып, оның №1 цехы қысқа мерзімде 2003 жылғы қантарда пайдалануға тапсырылған еді. Бұл цех кенорындарындағы мұнай жинақтайтын құбырлар мен коллекторлар үшін 100-217 миллиметрлік, сондай-ақ қабат қысымын ұстау жүйесінің диаметрі 63 миллиметрлік сорпа-компрессор тұрбаларын жылына 270 километр мөлшерінде шығара алатын.

2003 жылғы 15 қыркүйекте Ақтаудағы «Маңғыстаумұнайгаздың» су тұщытатын және ауыз су өндіретін зауыты пайдалануға берілді. Бұл зауыттың бас жобалаушысы М.Келдыш атындағы ғылым-зерттеу орталығы мен «ВНИИИПК спецстрой-конструкция» (Москва) АҚ болатын.

Акционерлік қоғамның қаржыландыруымен Ақтау қаласында ауданы 9 мың шаршы метр «Ардагер» супермаркеті және ауданы 50 мың шаршы метр болатын алып «Ақтау» сауда, ойын-сауық орталығы іске қосылды. Ақтау қаласында медицинаның соңғы жаңа техникаларымен жабдықталған мұнайшылар емханасының ашылуы жұмысшылар үшін теңдесі жоқ үлкен сый болды.

Ақтау қаласынан «Мұнайшы» стадионы салынып, пайдалануға берілді. Орталықтан шалғайда орналасқан Аққұдық ауылына әсем мектеп жиналатын сыйға тарттық. Ақтау қаласының әсем ғимараттарының бірі - «Маңғыстаумұнайгаздың» бас кеңсесі, оның соңғы кезде салынған қосымша биік ғимараты Ақтау қаласының сәніне сән қосып тұр. Бұлар жасалығаны көп жұмыстың бір бөлігі ғана.

- Өмір жолыңыздың қалыптасуына ықпал еткен азаматтар туралы және өмірден түйгеніңізді айтыңыз?

Өмір дегеніміз адам інгәлан жарық дүниеге келгеннен бастап, мәңгілік мекеніңе кеткенге дейін үйрену мектебі ғой. «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесепат», «Жақсымен жолдас болған жеткізеді мұратқа, жаманмен жолдас болсаң қалдырады ұятқа» дегендей өмір жолыма талай-талай жақсылармен қызметтес болып, адами қасиеттерін үлгі еттік, ағалық қамқорлықтарың сезіндік.

Ондай ағалардың қатарына Сафи Өтебаевті, Асабай Хисметовті, Халел Өзбекқалиевті, Виталий Иосифович Тимониді, Саламат Мұқашевті, Носпақлы Марабаевты, Леонид Петрович Дмитриевті, Юрий Ксенофонтович Юферовты, Ибрагим Мұратты, Валентин Петрович Токаревы, Рашид Темірболатұлы Саресновты, Жанболат Досмұханбетовты жатқызып едім. Бұл азаматтардың әрқайсысының бір романаға жүк боларлық адами қасиетке толы өмір тарихтары бар.

-Әңгілеңізге рақмет!

Әңгімелескен Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі

Айтуар ӨТЕГЕНОВ

Әйел-ана, әйел-жар, әйел-маман



8 Наурыз – көктемнің алғашқы мерекесі. Жер жаһанға жан бітіп, табиғат-ана емірнен дүние үлгіге орнаар шақта келетін мейрам әйел затының дүниеге жаңа өмір сыйлайтын, қоршаған ортасына сұлулық, нәзіктік және үйлесім ала келетін қасиетіне байланысты тойланатын шығар. Отбасының құты болған аналар компания жұмысында өзіндік орнын ала білген. Ана жүрегінің кендігі сондай - Жаратушы алақандай ғана жүрегіне сонша нәзіктікті, мейірімді, сүйіспеншілікті, шыдамдық пен сұлулықты, ерлікті сыйғызып қойған. Мұнай-газ саласында көп жылдан бері табысты еңбек етіп, бейнеті де, зейнеті де мол өмір жолы жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатын әріптестеріміз туралы көктем мерекесі қарсаңында сыр шерткейік.

Оңайша Мұқашқызы Тусулбаева

Түркіменстан Республикасында Мұқаш Қонақбайұлы мен Шолпан Ерқашқызының көп балалы отбасында туған. Ата-ананың үлгісін көріп, тәзім мен сабырдың, кешілік пен мейірбандықтың нұрына бөленді. Жастайынан еңбекке бейім болсаң, қатарынан кейін болмайсың деген тағлымды бойына сіңіріп өскен Оңайша мұнайгаз саласында отыз жыл талмай еңбек етіп келеді. Жетібай құрылыс-құрастыру кызметінде көп жыл күзетші болып жұмыс істеді, компанияны қайта құрылымдау кезінде жаңа мамандық алу үшін оқудан өтіп, қазір термиялық оқшаулаушы болып табыс табуа. Оқшаулаушы ретінде материалдардың негізгі қасиеттерін, битум жағымдары және астарларды дайындау тәсілдерін, гидроокшаулау тәсілдерін жақсы меңгеріп, кен орындарында дала төсінде, желдің өтінде еңбек қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтай отырып, қиыншылықты мол жұмысты ер-азаматтармен катар атқарады. Өнікті еңбегі еленіп, Құрмет грамотасы, Алғыс хаттарымен марапатталып жүр.

Жұбайы Табынбай Түсібайұлымен бір қыз, үш ұл тәрбиелеп өсірді. Атаған босағанының берекесіне береке қосып, ата-енесінің қас-қабағын байлайлап, ағайынды өзіне жақын тартып, қонақты қадырлап, төңірегін мейірім шуағына бөлей білді. Оңайша бүгінгі күні ел қатарлы білімді азаматтар - қызы Баян, ұлдары Ерлан, Руслан, Дінмұханбеттерден ұрпақ өрбітіп, жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей болып отырған ардақты әже.

Светлана Мағзұмқызы Бөлекбаева

Ерте заманнан белгілі Атырау өңіріндегі Жайық пен Жем аралығында мұнай кен орындарын игеруден бастаған 120 жылдық казак мұнайы тарихының бастауында тұрған Бөлекбаевтар әулетінен шыққан. Ал әкесі Мағзұм Жетібай мұнайын ашқандар сапында аты алтын әріптермен тарихқа жазылған адам. Светлана болса мұнайгаз саласында отыз жылға жуық еңбек етті. 1984 жылы Қарағанды политехникалық институтын өндірістік-азаматтық құрылыс мамандығы бойынша бітірген ол «Мангшлакнефть» өндірістік бірлестігінің ПМК-2 кәсіпорнында өндірістік-техникалық бөлім инженері, бастығы болып жұмыс істеді. Қазір компанияда құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалысын бақылайтын

топтың құрылыс жөніндегі аға инженері болып қызмет атқарады. Білікті инженер Светлана құрылыс нысандарындағы атқарылған жұмыс көлемдері бойынша барлық құжаттаманың дұрыс жүргізілуіне тікелей жауапты. Жұмыстағы құжаттама мәселелері бойынша үйлестіру, методикалық жетекшілік жұмысын жүргізеді. Кез келген жұмыстың ретін, пайданы тусын тез тауып, нәтижеге қол жеткізуді жақсы білетін Сәкен артынан ерген жас әріптестерімен білімі және тәжірибесімен бөлісіп отырады. Мемлекеттік мекемелермен, жоғары тұрған органдармен қарым-қатынас жасау тәжірибесі жұмыстың уақытылы бөгеліссіз жүрісіне оң ықпалын тигізеді.

Жұбайы марқұм Досжанов Серіктей атпал азаматқа жар болып, Даниярдай ұл тәрбиелеп өсірді. Данияр Нұр-Сұлтан қаласындағы Еуразия ұлттық университетінің озық студенті ретінде Италияның Генуя қаласында тәжірибе алмасып, қаржы саласында білім алуда. Ажары ашық, жүзінен жылылық төгіліп тұратын Сәкен от анасының бар тауқыметін көтере жүріп, сүйікті істерімен айналысуды ұмытпайды. Тағамның түр-түрін дайындап, астын дөмен келтіріп, қонақ күретін, ой-қиялын шектемей, сәндік бұйымдарды таңдап тағып, киімді сәнді етіп киіп, жүрген жерін әсемдікке бөлеп жүретін Сәкен әркімнің қолынан келе бермейтін сол әсем дүниелерді қолдан жасай алады. Оны қоршаған сұлулық – оның көркем көңілі мен жайсаң жанының айнасы іспеттес.

Қымбат Мұғалімқызы Тұржанова

Жетібай мұнай кен орындарын игеруге көп жыл еңбек сіңірген белгілі мұнайшылар отбасында дүниеге келген. Мұнайгаз саласында 25 жылдан астам жұмыс істеген ол Мұнай және газ-химия технологиясы, содан кейін қаржыгер мамандығы бойынша жоғары білім алған. Автомобиль жолдары басқармасында, одан кейін «Маңғыстау-Мұнай-Жолдары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде кадрлар жөніндегі аға инспектор болып жұмыс істеді. Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерінен теріс білетін ол талай еңбек дауы туындаған кезде байсалды қалпынан таймай, мәселені шешу жолдарын тауып, әріптестер арасында бұлжымас беделге ие болды. Біліктілік көтеру, аттестаттау, конкурстық комиссиялар және жұмыскерлерді ынталандыру мен марапаттауларға керекті материалдарды дайындап қана қоймай, олардың жұмысын дiттеген жеріне жеткізуге атсалыса келеді.

Зор ерік күші мен ыждағаттылықты талап ететін компаниядағы еңбек тәртібі және жұмыскерлердің ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтауын бақылау Қымбаттың күнделікті орындайтын міндеттерінің бірі. Компания жұмыскерлерінің барлығын танытып Қымбат әрқайсысының кәсіби жетістіктерін, отбасы жағдайын, мұқтажын бәсе сауағындай біліп отырады, үлкенге де, кішіге де құрметпен қарап, көптің ризашылығына ие болған жан. Адам ресурстарын басқару ісінің озық маманы компания тарихындағы қиын-қыстау кезеңдерінде күн-түн демей жұмыс істеген кездері болды. Қандай қиын жағдай болса да тыңнан жол тауып, мәселелердің дұрыс шешімін тауып отыратын ол - артынан ерген жас мамандарға кеңесші. Рухы күшті адамдар басна қандай іс түссе де мойымайды, қайта жігерлене түседі. Қымбат ер мінезі, қайысса да сыйбаттың тобылғыдай төзім арқасында тынбай еңбек ете жүріп, ұлдары Қуаныш пен Дуарнеге қатар құрбысының алды болуды үйретті. Олар ана үмітін ақтап жақсы азамат болып өсті, қазір үйлі-баранды. Дүниедегі құдіреттің бәрі ананың тілегі, ананың жүрегінің мықтылығы арқасында жүзеге аспақ. Отау құрған балалары мен немерелерінің береке-бірлігін ойлайтын Қымбат - алтын қазық, бәйтеректің дiңгегiндiй жапырақтарына өмір нәрін беруші, қамқоршы. Ашық-жарқын күлкісімен, әдемі әзілімен жүрген ортасының сәні. Еңбегі көптің еңбегі де көп болады. Қымбат мұнайгаз кешенінің дамуына қосқан зор үлесі мен көп жылғы адал еңбегі үшін бірнеше дүркін Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен, медалмен марапатталған.

Рахила Райымғалиқызы Лдигалиева

Ембінің ежелгі мұнай кәсіпшілігі орналасқан Байшошақ-мұнайшылар кентінде дүниеге келіп, балалық бал дәурені осында өтті. Мектеп бітіргеннен кейін оператор мамандығын алып, «ДоссорМұнайГаз» акционерлік қоғамына қарасты кен орнында отыз жылға жуық табысты еңбек етті. Толқынбай Сүйеуұлындай абзал азаматпен тұрмыс құрып, ұл-қыздарын өсірді.

2007 жылы олар жұмыс бабымен Маңғыстау топырағына табан тіреген болатын. Көп ұзамай Қаламқас құрылыс-құрастыру кызметінде қастелініп болып жұмысқа кірісті. Жан жолдасы ұзақ ауырып көз жұмғаннан кейін тұрмыстың бар тауқыметін өзі көтеруге тура келді. Күйі талғамы, бұйыраған кәсіптің басын ұстап, жан аямай еңбек етуге белін бекем бұған Рахила компаниядағы отандайындардан кейін де мойымай, термиялық оқшаулаушы ретінде жаңа кәсіпті игеріп, қиындығына қарамастан ер азаматтардан кем түспей еңбек етуде. Күш-қайратын тереу етіп, құрылымдар мен ғимараттарды гидроокшаулау, жетілуге қарсы қабыршақты оқшаулау, құрылымдар, құбырлар мен технологиялық жабдықтарды термоокшаулау жұмыстарын атқарады.

Ерiнбей еңбек еткен адамның мұратқа жететiнiгiнiң дәлелi - бүгiнде Рахила Жанболат ұлын ұға, Анаргүл, Жанаргүл, Маржан қыздарын қияға қондырып, немере, жиендерiн қызықтап, өз ортасының сый-құрметiне бөленiп отыр. Төңiрегiн мейiрiм

шуағына бөлеген Рахила Ғасырлар қойнауынан бүгінге дейін тартылып келе жатқан алтын арқауды жібестіріп, өсуін келістірген ардақты ана, бақытты әже.

Ананың мейірімі жан-жағына өз сөзлесін төгеді. Осы нұрдан жылынып, асыл ананың құшағында мейірімге қанып жүрген барша адамзат аналарды мәңгі ардақтап, аялай берері хақ.

Айман Жұлдызбайқызы Есбосын

Ел сыйлаған, асылдың сынығы болған аналардан төзім мен сабырдың үлгісін көріп, кешілік пен мейірбандықтың шуағына бөленіп өскен Айман Жұлдызбайқызы Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. Жырыма жылдай Бейнеу кентіндегі Я.Алтынсарин атындағы орта мектепте, Ақтау қаласының №13 мектеп-гимназиясында мұғалім болып, жақсы мұғалімдер санатында қызмет етті. Өзі де оқушыларға да облыстық, республикалық сайыстардан жүлделі орындар алып жүрді.

«Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылған жылдан бастап ол аудармашы ретінде мұнайсервис саласын қазақша сөйлеу ісінде елеулі қызмет етуде. Ғылым мен техника, экономиканың тиісті салаларындағы термин, анықтама және ұғымдардың аудармасын жақсарту үшін үнемі ізденіс үстінде жүреді. Дамыған, тармақтары сараланған, ысылған, көркем де бай қазақ тілінің қолданыс аясын кеңітіп, пайдалануға күш салуда. Терең ойлап сөз саяттың Айманның мұнайгаз кешенінің салалық газеттеріне макалалары тұрақты жарияланып тұрады. Компанияның қоғамдық өмірінде де қалыс қалмай, спорттық додалардың қайнаған ортасынан табылады. Сонымен қатар Ақтау қалалық «Не? Қайда? Қашан?» зияткерлік клубының мүшесі, компания командасының белді ойыншысы ретінде турнирлерге қатысып, әріптестерімен бірге қуанышты сәттерді бастап кешірді. Басым көпшілігі өзге ұлт өкілдерінен тұратын клуб ойындарында, халықаралық турнирлерде ұлттық киім мен әшекейлерін тастамай, ұшырқы ойлау қазақ қыздарының зияткерлік сайыстарда да мерейі үстем екендігін дәлелдеп жүр. Мұнайгаз кешенінің дамуына қосқан зор үлесі мен көп жылғы адал еңбегі үшін Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Отыз жылдан аса уақыт отасып, жарасымды өмір сүріп келе жатқан жұбайы Әсербай Есқазыұлымен бірге ұл-қыздарын өсіріп, бәрине жоғары білім алу үшін жағдай жасады. Қазір балаларының барлығы білікті маман ретінде әр салада еңбек етуде. Жаратылысынан кішіпейіл, мінезге бай, жақсылыққа жаңы құмар Айбек кенес сұраған, үйіренем деген адамға көмегін аямайды. Қазақтың салт-дәстүрін, мәдениетін насихаттап, ұжымдағыра ұлгі боларлық істерге мұрындық болып жүрген ол қазақ тілінің болашағына қызмет етіп жүргенін мақтан етеді.

«Oil Construction Company» ЖШС

1 наурыз - Алғыс айту

Жүректен - жүрекке



1 наурыз - Алғыс айту күніне орай «Маңғыстау-мұнайгаз» акционерлік қоғамы өз қызметкерлеріне рухани кеш сыйлады. Ұжым Н.Жантөрин атындағы музыкалық-драма театрында болып, Саид Ахмадтың «Келіндер көтерілісі» комедиялық қойылымын бірге тамашалады. Кешке Компанияның өркендеуіне мол үлес қосқан зейнеткер-ардагерлер мен компания қызметкерлері келді.

Қойылым алдында Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Шолпан Лазарқызы Илмуханбетова сахнаға көтеріліп, компания басқармасы

атынан ардагерлер мен қызметкерлерге көп жылғы адал еңбектері мен толағай табыстары үшін зор алғыс айтып, алдағы көктем мерекелерімен құттықтады.

Ене мен келін арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, жалпы қоғамда орын алатын келенсіздікті арқау еткен мұдды комедияны театр актерлері жоғары шығармашылық деңгейде орындап шықты. Астарлы әзілге толы комедия көрермен қауымды күлкіге бөлей отырып, терең ойға батырды. Жеті ұл өсіріп, қырық бір немере тәрбиелеп, алты келін жұмсап отырған Фармон бибі қабағы қатыңқы, мінезі тік әрі қатал жан. Ата салтты мықты ұстайтын бір бәйбіше бір ауылға керек-ау деген ойдың құшағында отырып, көрермендердің актерлармен бірге қуанып, бірге жылаған сәттеріне куә болдық. Бір сөзбен айтқанда, өнердің құдіретін дәлелдеген шығармашылық ұжымның өнеріне мұнайшылар дән риза болды.

Құндылық күйбең тіршіліктен қолы босамайтын кеңсе қызметкерлері мен күрметті демалыстағы зейнеткер-ардагерлер бір сәт театрда басы қосылып, рухани азық алып қайтты. Осындай іс-шараларға ұжымның жиі қатысуы олардың арасындағы корпоративтік қарым-қатынасты нығайтып, бекіте түсері сөзсіз.



Ертіліева Нұрбібі - зейнеткер: Бүгінгі Алғыс айту күні құтты болсын! Біз зейнетке шығып кетсек те, ұмытпай шараларға шақырып жүретін Компаниямызға алғыс айтамыз. Әлі де өрлеп шыға шығуын, биіктерден көрініп тілейміз. Бүгінгі спектакль ұнады, керемет мәдени демалыс болды.

Өтебаева Алтыңғұл - тапсырмалардың орындалуын бақылау жөніндегі инспектор: Бұл қойылымның көрерменге айтары бар, ой салатын шығарма деп білемін. Театрдың жас толқын әртістері өздеріне жүктелген міндетті жақсы алып шықты. Сахна декорациясы да жоғары деңгейде. Қарапайым еңбек адамдары мен шығармашылық адамдарының арасындағы байланыс ұзағынан болсын деп тілеймін.

Доброе дело

СПАСИБО ЗА ВАШ ТРУД!

Накануне Международного женского дня 8 Марта, сотрудницы АО «Маңғыстау-мұнайгаз» присоединились к акции инициированной «Клубом добряков» и поздравили работниц ТОО «Қала жолдары» с праздником.



Во многом благодаря усилиям именно этих женщин наш город содержится в чистоте и порядке, в любую погоду с раннего утра и до позднего вечера работницы «Қала жолдары» занимаются очисткой и уборкой вверенной им территории.

Вместе с волонтерами «Клуба добряков», нефтяники вручили женщинам цветы, поблагодарили за добросовестную работу, пожелали крепкого здоровья и благополучия в семье.

Құттықтау



Құрметті ханымдар!

Сіздерді 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтап, денсаулық, сәулелік, бақыт, қуаныш тілейміз! Өмірімізге сен беріп, шуақ шауып тұрғандарыңыз үшін қашанда сыйлы, сүйікті, қадірлісіздер. Сіздерсіз — дүние бос!

Ізгі тілекпен, геология жігіттері!

Еңбек адамы

ӘРІПТЕСКЕ - ҚҰРМЕТ

Компания тарихы – онда қызмет еткен азаматтардың өмірбаянынан құралады. Бірісіз бірін қарастыру мүмкін емес, дұрыс емес. Елу жылдан астам уақыт бойы ел ырысын еселеп келе жатырған алып компания- мұнайда қызмет еткен сан мыңдаған мұнайшы үшін екінші үйіне, ал ұжымдастары екінші жанұясына айналған. Сондықтан, Компания кетігіне кірпіш болып қалған мыңдаған мұнайшының шежіресі оның жетістіктерімен қоса өріліп келе жатыр десек артық айтқанмыз болмас. Саналы ғұмырының басым бөлігін осы Компанияның өркендеуіне арнаған азаматтар аз емес. Солардың бірі - наурыз

өзгеге дарыта білген өнегелі ұстаз. Қарамағандағы ұжымды бір іске ұйыстырып, межелі биіктерді бағындыра білген шебер басшы.

Талғат Аманұлының зейнеткерлік демалысқа шығарып салуға арналған салтанатты кездесуге Компания Басқарма мүшелері - бас директор Л.Ю.Цзиньзэн және бас директордың бірінші орынбасары Қалбай Әжімбайұлы Ізмұқанов мырзалар ағамызбен үзегілес болған ұжымдастарын бастап келді. Бірі сөзін бас жыл қызметтес болдым деп бастаса, енді бірі жиырма жылдан астам бірге келеміз деп бастап, жақсы лебіз-тілегін арнап жатты.



айының 5 күні өзіне сай қошамен құрметті зейнеткерлік белеске қадам басқан Талғат Аманұлы Дауытов ағамыз.

Талғат Аманұлының еңбек кітапшасында тек бір жұмыс берушінің мөрі басылған, ол «Маңғыстау-мұнайгаз» компаниясы. 1979 жылы институт қабырғасынан түлеп ұшқан жас инженер осында жұмысқа орналасып, 41 жыл тапжылмастан қызмет еткен. Өндірістік мансап баспалдағының барлық сатысынан өтіп, мастер, ауысым басшысы, цех басшысы, өндіріс басшысы сынды жауапты қызметтерді абыроймен атқарған білікті де білімді маман. Ондаған шәкірт тәрбиелеп, өндірісте жиған тәжірибесі мен шеберлігін

Естеліктер айтып, ағамыздың нұрын тасытты. Жиналған жұртшылықтың сөзінен де, көзінен де Талғат Аманұлына деген ерекше іттипат пен қиымастық сезіліп тұрды.

Зейнетіңіз өзіңізге құт болсын, Талғат аға! Сіз еткен еңбек, Сіз жасаған тарих Компания жылнамасында алтын әріптермен сомдалуы. Өзіңіз жетелеп, кемеліне келтірген мамандар Сіз көрсеткен кісілік пен кішіліктің үлгісін сақтай отырып, ісіңізді абыроймен жалғастырына сенеміз. Сіз де сеніңіз! Ендігі жерде, мерекелі күндеріңіз тасуылмай, берекеніз саркылмай, ақыл айтар ақсақалымыз болып сәнді де баянды ғұмыр кешуіңізге тілекшіміз. Аман болыңыз, АҒА!



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
«Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ
Редактор: Есназар Султанов
Редакция аяқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 215-266
212-194, 211-885
Газет айына 1 рет шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

«АТІS» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 17 ш/а.
тел: 525500